

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- в интересах осуществления государственного регулирования предпринимательства требуется создание банка данных: информации оценочного типа - по предприятиям, организациям и лицам, допустившим действия, нарушающие права предпринимателей с точки зрения шпионажа, выкрадывания информации, шантажа: статистической информации, дающей представление о формах и методах криминальной конкуренции; укрупненных сведений о затратах частных и государственных структур, связанных с защитой бизнеса: оценки эффективности мероприятий по защите.

- взаимная ответственность государства и негосударственных организаций перед обществом за действия, наносящие ущерб национальным интересам;

- увеличение степени социальной ответственности субъектов предпринимательства.

- проведение мониторинга научно-аналитических данных по законотворчеству и правоприменительной практике, видов юридической ответственности сферы предпринимательства.

- усиление осуществления целей государственного регулирования предпринимательства, уполномоченными лицами.

Из вышеперечисленного можно сделать такие выводы: экономическая безопасность страны должна обеспечиваться прежде всего, эффективностью самой экономики, то есть наряду с защитными мерами, осуществляемыми государством, она должна защищать сама себя на основе высокой производительности труда, качества продукции и т.д. Обеспечение экономической безопасности страны не является прерогативой какого-либо одного государственного ведомства, службы. Она должна поддерживаться всей системой государственных органов, всеми звеньями и структурами предпринимательства.

Список использованных источников:

1. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 г. // <http://online.zakon.kz>
2. Закон «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года № 527 – IV // <http://online.zakon.kz>
3. Одинцов А.А. Защита предпринимательства. - Москва, 2003. – 322 с.
4. Более 20 миллиардов тенге не уплатили в бюджет лжепредприятия Астаны // <http://tengrinews.kz/events/20-milliardov-tenge-uplatili-byudjet-ljepredpriyatiya-244117/>
5. Государственный закуп // <http://goszakup.temirtau.gov.kz/>
6. Отчет Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции// www.anticorruption-almobl.gov.kz/analizminriscrs

УДК 347.91/95

СОТ ШЫҒЫНДАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БҮГІНГІ ТӘЖІРБИЕДЕГІ ӨЗЕКЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абилова Жансая Баймұратқызы

zhansayaa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

заң факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А.К. Елубекова

Бүгінде Қазақстан Республикасының материалдық құқықтарында және процессуалдық құқықтарында да шешілуге тиіс проблемалар саны аз емес. Сіздерге ұсынылып жатқан осы мақалада, біз тәжірибиеде лауазымды тұлғалардың, ұлттық заңнаманы қолданудағы қателіктері жайлы сөз етпекпіз. Ол проблема: сот шығындарына қатысты заңнамаларды қолданудағы қателіктер, дәлірек айтқанда, сот органдарының азматтық сот өндірісі кезіндегі, талап қоюшының немесе жауапкердің іс аяқталғаннан кейінгі мемлекеттік баж бен іс бойынша іс жүргізуге кеткен шығындарын жеңілген тараптан өндіріп беруге қатысты болмақ.

Біз проблеманың қойынауынан бірден бастамай, алдыменен сот шығындары ұғымынан бастағанды жөн көріп отырмыз.

2015 жылы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 102 бабына сәйкес сот шығындары мемлекеттік баждан және іс бойынша іс жүргізуге кеткен шығындардан тұрады [1].

Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 532 бабына сәйкес мемлекеттік баж ол мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс әрекеттерді жасағаны үшін алынатын міндетті төлем. Ал осы жерде заңды маңызы бар іс әрекеттерге құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) беру теңестіріледі. Мемлекеттік баж төлеушілер ретінде заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасау және (немесе) құжаттар беру жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар танылады. Құрылымдық бөлімшелер тиісті уәкілетті органдардың осы құрылымдық бөлімше мүддесінде заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезінде дербес төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін [2].

Ендігі кезекте сот шығындарының екінші бір түрі іс бойынша іс жүргізуге кеткен шығындар жайлы айта кететін болсақ, ҚР АІЖК сәйкес, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарға:

- 1) куәларға, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;
- 2) тиісті орында қарап-тексеруді жүргізуге байланысты шығыстар;
- 3) заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығыстар;
- 4) жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру бойынша шығыстар;
- 5) іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар;
- 6) тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар;
- 7) тараптар мен үшінші тұлғалардың жол жүру және тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша, олардың сотқа келуіне байланысты жұмсаған шығыстары;
- 8) өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар;
- 9) сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейін реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығыстары жатады [1].

Ал, ендігі кезекте сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу мәселесіне тоқталатын болсақ, ҚР АІЖК-нің 109 бабына сәйкес:

Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу

1. Сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот

қанағаттандырған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

2. Егер іске қатысатын адамның заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің наразылық немесе сотқа дейінге өзге де тәртібін бұзуы, оның ішінде наразылыққа жауап беру мерзімін бұзуы, наразылықты жауапсыз қалдыруы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне қарамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді.

Сот, процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың осы Кодексте белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы.

3. Егер апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар істі жаңадан қарауға бермей, жасалған шешімді өзгертсе немесе жаңа шешім шығарса, олар тарап тиісті сот сатыларында жұмсаған шығыстары туралы дәлелдемелерді ұсынған кезінде тиісінше сот шығыстарын бөлуді де өзгертеді.

4. Бірінші сатыдағы сот тараптың арызы бойынша апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда істі қарау барысында жұмсаған сот шығыстарын, егер өтінішхат сот сатыларында істі қарау кезінде талқыланса, бірақ сот шығындары ұсынылған құжаттардың анықтығын тексеру қажеттігіне байланысты өндіріп алынбаған және бұл туралы тиісті сот сатысындағы соттың қаулысында көрсетілсе, өндіріп алу туралы ұйғарым шығарады.

5. Сот шығындарын өндіріп алу туралы арыз тараптарды хабарландыра отырып, соттың сот отырысында қарауына жатады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды. Арыз соңғы сот актісінің қабылдануымен істі мәні бойынша қарау аяқталған соңғы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

6. Сот актісінің көшірмесін сот ол заңды күшіне енген кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей (азаматтың) тіркелу орны немесе көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарына сот өтем жасаған (заңды тұлғаның) сот өкілінің орналасқан жері бойынша салық органына жібереді –делінген.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда жоғары дәрежеде заң көмегін көрсететін көптеген компаниялар, адвокаттар және адвокаттық кеңселер бар. Осы жұмысымызда жазуда біз көптеген адвокаттармен аталған мәселе жөнінде тілдесіп, бірқатар сауалдар қойған болатынбыз. Ол кісілер өздерінің аттарын жарияламауды сұрады, алайда керемет мағлұматтар айтқан болатын. Ол кәсіби заңгерлердің айтуы бойынша көптеген судьялар пайдасын шешім шығарылған тараптың процеске қатысқан және осы тараппен еңбек қатынастарында тұрамаған өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарын тараптың іс жүзінде жұмсаған шығыстары мөлшерінде басқа тараптан алып беруді толықтай жүзеге асырмайды екен. Бір адвокат өзінің басынан өткен мынадай бір оқиғаны айтып берді. Ол кісінің айтуы бойынша:

Мен 2012 жылы Алматы қ. Мамандандырылған ауданарылық экономикалық сотына сот процессіне келген болатынбын. Талап бағасы 86 000 000 тенгені құрады, ал менің сол іс бойынша төлемақым 700 000 теңгені құрады (талап қою бағасының 0.8 пайызы). Алайда судья аталған шығынды толықтай өндіріп беруден бас тартыпты, себебіне: Бұл үлкен сумма деп,- тіл қатыпты.

Шынымен де, мұндай жағдайлар өте көп орын алады. Себебі, ҚР Жоғары Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республкасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары заңнамаларын қолдану туралы нормативтік қаулысының 14 пунктіне сәйкес тараптардың өкіліне төленген ақы ҚР АІЖК –нің 109, 113 бабында көзделген тәртіпте өтеледі делінген. Оның үстіне аталған қаулыда егер де өкілге жұмсалған шығын үлкен сомманы құрайтын болса, судья адамгершілдік, әділдік критерилерін басшылыққа алуы тиіс. Ал АІЖК –нің 113 бабында: Мүліктік талаптар бойынша осы шығыстардың жалпы сомасы талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің он процентінен аспауға тиіс делінген. Сондықтан біздің ұсынымыз ҚР Жоғары Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республкасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары заңнамаларын қолдану туралы нормативтік қаулысының 14 пунктін алып тастау керек, себебі тараптардың өкілдеріне жұмсалған тиісті шығынды өтеу мәселесі ҚР АІЖК –нің 113 бабында бекітіліп қойылған. Ал аталған нормативтік қаулы судьяларға өндіріліп беруге жататын шығын бағасын көтеруге немесе түсіруге рұқсат беріп, коррупцияға жол ашып қана қоятынын айтқымыз келіп отыр. Ол қалай дейсіз бе? Мәселен, қорғаушы жоғары баға өндіріп беретін болса судьямен бөлісемін деп келісуі мүмкін [3]. Оның үстіне ҚР Нормативтік құқықтық актілер заңының 4 бабына сәйкес Кодекстер нормативтік құқықтық актілер сатысының Конституциялық заңдардан кейінгі орынды алып отыр, ал Жоғары Соттың нормативтік қаулысы тіпті ол сатыға қосылмаған [4].

Көптеген дамушы елдерде өкілдің жұмысына жұмсалған ақы ешқандай шарттарсыз ақ өндіріліп алынады. The Sunday Times хабарлауы бойынша Роман Абрамовичтің өкілі Лорд Джонатан Сампшн, Борис Березовский мен Абрамович арасында туындаған дауда өзінің қызметі үшін 5,81 миллион фунт алған және шығындарды жабуға тағы 2 млн фунт алған екен. Енді сұрақ неге бізде заңгерлерге жақсы қаржы алуға жағдай жасамаймыз?! Сондықтан бұл мәселеге ат үсті қарамай қолға алғанымыз жөн деп санаймыз[5].

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі 2015 жыл 31 қазан
2. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 2008 жылы 10 желтоқсан
3. ҚР Жоғары Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республкасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары заңнамаларын қолдану туралы нормативтік қаулысы
4. Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңы 1998жыл 24 наурыз 16
5. The Sunday Times

УДК 349.22:339.923:061.1

ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ В РАМКАХ ЕАЭС

Аблакимов Нуржан Нуркенович

zhadyra.ertaeva@gmail.com

магистрант АО «Университет КАЗГЮУ», Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.Ш. Нурашева

Республикой Казахстан совместно с Российской Федерацией и Республикой Беларусь 29 мая 2014 года подписан и в сентябре 2014 года ратифицирован Договор о Евразийском экономическом союзе (ЕАЭС), который начал функционировать с 1 января 2015 года.